

ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТАРИХНАМАДАҒЫ XX ҒАСЫРДАҒЫ 20-30-ШЫ ЖЫЛДАРДАҒЫ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ШАРУАЛАР КӨТЕРІЛІСІ: ЖАЛПЫ ШОЛУ

Бейсенбекова Н.А., т.ғ.к., директор,
Смагулова Г.М., т.ғ.к., аға ғылыми қызметкер
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің
«Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығы, Қарағанды қ.

Қазақ халқы өзінің тарихында көптеген қиын кезеңдерді басынан өткізді. Сондай кезеңдердің бірі XX ғасырдың басындағы 20-30-шы жылдар болып табылады. Дәл осы жылдары тоталитарлық билік қазақ қоғамын күштеу арқылы «модернизациялауды» жүргізді. Мұндай «модернизация» Қазақстанды аштыққа ікеліп, қазақ халқының қырылды, байлардың малын тәркілеп, жер аударылып кетуіне апарды, депортацияланған халықтардың екінші отанына айналдырды. Бұл адамзат баласына қарсы жасалған қылмыс болып есептелетінін билеуші үкімет ескерген жоқ. Тоталитарлық билік жүргізген алып империя - Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін, оның құрамындағы мемлекеттер өз тәуелсіздіктеріне қол жеткізді. Қазақстан Республикасы 1991 жылы егемендігін жариялап, тәуелсіз мемлекет болды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарынан-ақ Қазақстан өткен тарихын қайтадан қарастырып, жаңа ұрпаққа тарихи шындықтардың бетін ашатын кез келді. Солардың бірі 1929-1933 жылдардың аралығындағы Қазақстандағы аштық және күштеп ұжымдастыру кезеңіндегі жапа шеккен адамдар, сонымен бірге осы саясатқа қарсы шыққан қарулы көтеріліске қатысқандардың тағдыры. Қазақстан көлемінде өте көп көтерілістер болды. «1929-1931 жылдары елімізде кеңестік-тоталитарлық саясатқа қарсы 350-ден аса бұқаралық бас көтеру болыпты» деген мәліметтер мерзімді басылымдардың беттерінде жарияланды [1]. Көтерілістер саны көрсетілген басқа да ақпарат электрондық жарияланымдарда кездеседі: «1920-1930 жылдар аралығында күштеп ұжымдастыруға қарсылық ретінде көрінген 372 шаруалар көтерілісі саяси жетекшісіз қалған бұқара халықтың зорлықшыл саяси жүйеге көрсеткен ашық қарсылығы болды» [2].

Ал көтеріліске қатысқандардың саны да ондаған мыңнан асып жығылады. Көтерілістердің барлығы да қарулы күшпен басылып

тасталды, ал оған қатысқандар қатаң түрде жазаланды – атылып кетті немесе сотталды.

Бұл мақалада авторлар Орталық Қазақстанда жүрген шаруалар көтерілісіне байланысты зерттеулер мәселесінің кейбір қырларын қарастырады.

Мақала тақырыбының кейбір тұстары 1991 жылдан бері үкімет пен зерттеушілердің назарында болды, яғни көрсетілген жылдың 12 қарашасында құрамына мемлекеттің құзырлы органдары өкілдерімен бірге ғалымдар да кірген арнайы комиссия құрылған болатын. Белгілі тарихшы, академик М.Қ. Қозыбаев бастаған комиссия мүшелері кезінде «күпия» деген белгімен сақталып келген, жасырын жатқан, қолжетімсіз болған құжаттардың басым көпшілігін ашып, жариялай бастады. Алғашқы құжаттар мен материалдардың жинағы «Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг.» [3] деген атаумен жарық көрді. Жинақ 1931-1933 жж. аштық пен күштеп ұжымдастыруға арналғанымен, оған енгізілген құжаттар мен материалдар 1927 жылдан басталады. Бірақ нақты Орталық Қазақстандағы шаруалар көтерілісі туралы құжаттар жоқ, ал біздің өңірге байланысты берілген құжаттар аштыққа ұшыраған жергілікті халыққа көмек көрсету тәрізді проблемаларға арналған.

Орталық Қазақстан жеріндегі шаруалар көтерілісі туралы алғашқылардың бірі болып өз зерттеуінде көрсеткен белгілілі тарихшы ғалым Талас Омарбеков болды [4]. Одан кейін Орталық Қазақстанның Шет ауданындағы көтеріліс туралы еңбек жазған Т.К. Алланиязов пен А.С. Таукенов еді. Авторлардың бірлескен еңбектері «Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг.» деп аталып, 2000 жылы жарық көрді. Бұл еңбектің құндылығы Жезқазған қаласындағы ішкі істер басқармасының архив қорларындағы құжаттардың негізінде жазылуында [5].

Орталық Қазақстанның Қарқаралы, Қу, Шет аудандары бойынша кәмпескеленген адамдардың аты-жөні, олардың тағдырлары туралы материалдар «XXIV-XXX кітап. Кәмпескеленгендер. Алматы. Республика архиві сөйлейді» [6] деген ғылыми зерттеудің ішінде кездеседі. Өкінішке орай, жоғарыда аталған зерттеулерден басқа 1920-1930 жж. Орталық Қазақстан жерінде болған шаруалар көтерілісі туралы жан-жақты, кешенді түрде жазылған ғылыми еңбектер немесе құжаттар жинағы кездеспейді. Бұл олқылықтың орны 2020 жылы 24 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт

Тоқаев «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойғаннан кейін, кеңестік кезеңдегі саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санаттарына қатысты тарихи әділеттілікті толық қалпына келтіру мәселесі кешенді түрде қолға алынған соң, таяу арада толықтырылады деп ойлаймыз. Өйткені Президент Жарлығын орындау мақсатында Қарағанды облысында құрылған комиссия мүшелері қазіргі таңда үлкен жұмыстар атқару үстінде. Мысалы, Орталық Қазақстан жеріндегі 1920-1930 жылдары болған шаруалар көтерілісіне байланысты, әсіресе архив қорларынан сақталған Жаңаарқа, Жезді аудандарындағы болған көтерілістерге қатысты құжаттар өңделуде. Сонымен бірге жарық көрген құжаттар жинақтары да тың архивтік материалдармен толықатын күндер алыс емес және олардың барлығы да объективті түрде көрсетіліп, жазылатын болады. Өйткені, кейбір зерттеушілер тарапынан бұрмалаушылық та кездеседі. Әсіресе ол ресейлік ғалымдардың еңбектерінде айтылады. Айталық, КСРО тарихын зерттеумен айналысатын Дмитрий Верхотуровтың пікірінше Қазақстанда болған 1920-1930-шы жылдарғы аштық та, көтеріліс те байлардың қолдарымен жасалған. Мемлекет тарапынан ешқандай геноцид болмаған. Тіпті оның жарық көрген кітабының «Казахский геноцид», которого не было» деген аты да ХХ ғасырдың басында қазақ жерінде жүргізілген солақай саясатты жоққа шығарып тұр.

Ал Орталық Қазақстанның басқа өңірлеріндегі шаруалар көтерілісі және оған қатысқан адамдардың тағдыры туралы алдағы уақытта жазылатындығы туралы жоғарыда атап өттік. Комиссия мүшелері архив қорларындағы материалдарды жинастырып, сұрыптап, оларға талдау жасау барысында шаруалар көтерілістерінің ұйымдасу деңгейлерін, оларға қатысушылардың аты-жөндерін анықталады. Сонымен бірге, шаруалар көтерілісі зорлық-зомбылық сипатта болғандықтан, яғни құзырлы органдардың күш қолдануы арқылы тоқтатылғандықтан алдағы зерттеулер объективті түрде жазылатын болады.

Қорыта айтқанда, ХХ ғасырдың 20-30 жылдардағы Орталық Қазақстан жеріндегі шаруалар көтерілісіне байланысты зерттеулер отандық тарихнамаға өзіндік үлесін қосатыны анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Әбжаппаров Ә. Созақ көтерілісінің қасіреті // Егемен Қазақстан. – 2020. – 7 қазан.
- 2 Қазақ халқының XVIII-XX ғғ. азаттық, тәуелсіздік жолындағы қаһармандық күресі / <https://e-history.kz/media/scorm/281/357/text/text.htm>
- 3 Насильственная коллективизация и голод в Казахстане 1931-1933 гг. Сборник документов и материалов / Вступ.статья и сост. К.С. Алдажуманов, М.К. Каирғалиев, В.П. Осипов, Ю.И. Романов. – Алматы: Фонд «XXI век», 1998. – 263 с.
- 4 Омарбеков Т. Зобалаң. – Алматы: «Санат» баспасы, 1994.
- 5 Алланиязов Т.К., Таукенов А.С. Шетская трагедия. Из истории антисоветских вооруженных выступлений в Центральном Казахстане в 1930-1931 гг. – Алматы: Фонд «XXI век», 2000. – 164 с.
- 6 Насенов Б. XXIV-XXX кітап. Кәмпескеленгендер. Алматы. Республика архиві сөйлейді. – Алматы: «Алматыкітап» баспасы, 2013.
- 7 Верхотуров Д. «Казахский геноцид», которого не было. – М., Родина, 2021. – 224 с.

АЙМАҚТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ҰЙҒЫР СЕПАРАТИЗМІ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ

Бөпіш Н.Н., магистрант

Ғылыми жетекшісі: PhD, қауымдастырылған профессор

С.Б. Стамбулов,

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті,

Қарағанды қ.

Ұлттық және халықаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету проблемалары барлық уақытта адамзаттың алдында тұрды. Олар XX ғасырдың басында әлемдік соғыс қаупінің шындығына байланысты ерекше резонансқа ие болды, сондықтан қауіпсіздік теориясы мен саясаты дами бастаған кезде олар соғыстардың алдын-алу мәселелерімен анықталды. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейін осы бағыттағы практикалық саясаттың бір қадамы Ұлттар Лигасын құру болды. Бірақ соғыстың алдын алу мәселелерін шешу мүмкін болмады: Екінші дүниежүзілік соғыс, ал одан кейін «қырғи-қабак